

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі № А-4/162 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № А-13/631 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда № 3592 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № А-1/19 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 15.01.2013 № А-1/19 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі № А-4/162 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3431 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы «Арқа ажары» және «Акмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басын қаржыландыру көлемі және **а т а - а н а л а р** **т ө л е м і н д е :**

«Бурабай ауданы» бөлімінің «мемлекеттік балабақшалар» бөлімшесін келесі мазмұндағы реттік нөмірі 26 - жолмен толықтырылсын:

«

26	«Бурабай ауданының білім бөлімі жанындағы Бурабай ауданы әкімдігінің «Ромашка» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	18 109,6	7000	18 109,6
----	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----	----------	------	----------

»;

«Көкшетау қаласы» бөлімінің «мемлекеттік балабақшалар» бөлімшесін келесі мазмұндағы реттік нөмірі 6-2 - жолмен толықтырылсын:

«

6-2	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы №10 «Алтын бала» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	320	18 109,6	7 869,4	18 109,6
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----	----------	---------	----------

».

2. Ақмола облысы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Қ. Қайнарбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Қ.Қожамжаров